

## Педагогикалық дуэт

Бүгін ақпанның 12-сі күні мектебімізде "Жас маман – оқушы" дуэтіне негізделген кезекті дебат жобасы өтті. "Бұл Палата қиын оқушылармен жұмыс барысында жазалауды қолдануды дұрыс деп санайды" тақырыбында өткен бұл ойында мұғалім мен оқушыдан құрылған дуэт тақырыптың маңыздылығын көрсете білді. Жас маман, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Қанғалиева Елназ Нұрлыбекқызы мен Каукербек Асылтас 10 «Б» оқушысы, ағылшын пәні мұғалімі Абдукаримова Айтжамал Әмірқызы мен Қыдыр Бейбіт 10 «Б» сынып оқушысы, бастауыш сынып мұғалімі Әптықали Әліби Мұратұлы мен Айтболатов Дидар 10 «Б» сынып оқушысы, физика пәні мұғалімі Болат Нұрсолтан мен Төлеуғазина Томирис 10 «Ә» сынып оқушысы, мектеп психологы Кәдіршін Назерке мен жұп құрады. Оппозиция мен Үкімет мүшелері өз «кейстерін» алдын ала дайындап, өз пікірлерін қорғауға тырысты.

Екінші ойында мұғалімдер мен оқушылар бір-біріне қарсы пікірде жұп құрап ойнады. "Бұл Палата білім алушылардың пән мұғалімін таңдау құқығы болу керек деп есептейді" тақырыбы талқыланды. Жас маман, орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Жолдасбекова Мөлдір Жолдасбекқызы мен физика пәні мұғалімі Болат Нұрсолтан мен мектеп оқушылары Каукербек Асылтас 10 «Б», Марат Медина 7 "3", Айтболатов Дидар 10 «Б», Төлеуғазина Томирис 10 «Ә» оқушылары мен Тапалова Фариза №84 мектептен келіп ойын көрсетті.

Екі раундта берілген қарарлар бойынша оқушы және мұғалім көзқарастары ортаға салынып, қызу талқыланды.

Дебат ойынының соңында әділ-қазылар топтардың жұмысын бағалап, қатысушылар арасынан үздік спикерлер мен жеңімпаздарды анықтады.

